

Сабақтың тақырыбы:

«Ұшқан ұя»

Бауыржан Момышұлы



Сабақтың мақсаты:

Білімділік: Бауыржан Момышұлының өміріне қасқаша тоқталу, оның ерлігі мен шығармаларын түсіндіре отырып, талдау жұмыстарын жасау;

Дамытушылық: оқушылардың жеке тұлғалық ресурстарын және шығармашылық қабілеттерін оқыта отырып дамыту;

Тәрбиелік: оқушыларға эстетикалық тәрбие беру, Отанын сүйуге қорғауға баулу.



**Бауыржан Момышұлы
(1910-1983)**





**Мәншүк
Мәметова**



**Әлия
Молдағулова**

Өмірбаяны

1910 жылғы 24 желтоқсанда қазіргі Жамбыл облысының Жуалы ауданында, “Көлбастау” ауылы, «Мыңбұлақ» алқабында дүниеге келген. Евгеньевка селосында бір жыл орысша оқып сауат ашқан, ол Әулиеата қаласында бастауыш, Шымкент қаласында жеті жылдық мектеп бітірген. 1928 жылдан Жуалы аудандық атқару комитетінің жауапты хатшысы, аудандық милиция бөлімінің бастығы болып қызмет істеген. Б.Момышұлы 1932 жылы Қызыл Армия қатарына алынып, азаматтық борышын өтеп қайтқаннан кейін Шымкент, Алматы өнеркәсіп банкілерінде жұмыс істеді. 1936 жылы Ленинград қаржы академиясы жанындағы курсты бітірген соң әскер қатарына қайта алынып, взвод, рота командирі, полк штабы бастығының орынбасары, ал 1941 жылы Қазақ республикалық әскери комиссариатының нұсқаушысы болды.

Ұлы Отан соғысы басталысымен 316 атқыштар дивизиясының жасақталуына белсене ат салысып, сол дивизия құрамында майданға аттанды. Батальон командирі ретінде Москва түбіндегі шайқасқа қатысып, 5 рет жау қоршауын бұзып өтіп, ерен ерліктің үлгісін көрсетті. Бұрынғы 316 шы, кейінгі Панфилов атындағы 8-гвардиялық дивизияның батальон, полк командирі болды, соғыстың соңғы жылдарында осы дивизияны басқарды. Б.Момышұлы Ұлы Отан соғысы кезінде ұрыс жүргізудегі

Кітаппен жұмыс

«Ұшқан ұя»

**Б.Момышұлы оқу,
мазмұнын түсіндіру.**

**Жаңа сөздерді
түсіндіру.**

«Түртіп алу» стратегиясы

**Мәтіннің ең соңғы сөйлемін
қайталап оқыйық.**

**Жазушы ойын пайдаланып,
нақыл сөз құрастырып
көрейік.**

**Ел тану деген – жеті атаңды
білу.**

Жеті атаңды білесің бе?

Жеті ата:

1. Ата

2. Әке

3. Бала

4. Немере

5. Шөбере


6. Шөпшек

7. Немене



Б.Момышұлы мұражайына саяхат.





Наградалары:

1. «Қызық Ту» ордені, 6 маусым 1942 ж.
2. «Москваны қорғағаны үшін» медалі, 6 маусым 1944ж.
3. 1-дәрежелі «Отан соғысы» ордені, 6 шілде 1945 ж.
4. «Қызық Жұлдыз» орденімен 2 рет марапатталды.
5. «Еңбек Қызық Ту» ордені, 1970 ж.

6. «Құрмет белгісі» ордені «Халықтар достығы» ордені, 1980 ж.

7. Қазақстан тәуелсіздікке қол жеткеннен кейін «Халық қаһарманы» атағы берілді.



**Б.Момышұлының өзі
салған анасы Рәзияның
суреті.**

**Ана үшін аянба-ант ұрады,
Бала үшін аянба-бетің күйеді.
Ел үшін аянба-ерлігіңе сын,
Жұрт үшін аянба – жігіттігіңе сын.**




**Бауыржан
Момышұлының
баласы Бақытжан,
келіні Зейнеп
Ахметова,
немересі Ержан.**



**Қаһарман қолбасшы Бауыржан
Момышұлы өзінің бүкіл өмірін
туған халқы мен туған елі рухының
еркін самғап, биікте тұруына
арнады.**

**Біздің қасиетті Атамекеніміз –
тәуелсіз Қазақстанда бұл күндері
лек-легімен өсіп-өркендеп,
болашаққа бет алып келе жатқан
мындаған жауынгерлер – сол Баукең
армандаған қайтпас
қаһармандықтың айқын
мұрагерлері.**



Отанға деген сүйіспеншілік – еліміздің келешегіне, оның кемел ұрпағына біздің аманат етер ең қасиетті өсиетіміз деп білейік.

Отаным Бауыржан Момышұлындай сүюді өнеге етіп қалдырған басқа қаламгер жоқ.

Ол: «Өз ұлтын сыйламау, оны мақтаныш етпеу – сатқындықтың белгісі.

Ел дегенде еміреніп, жұрт дегенде жүгініп қызмет еткін!

Отан үшін отқа түс – күймейсің. Опасызда Отан жоқ. Елсіз ер болмайды, жұртсыз жігіт болмайды», - дейді.

Біздің халқымыз, әсіресе, жастар осы қағидаларды естерінде ұстаса деймін.

Нұрсұлтан Назарбаев

Қазақстан Республикасының Президенті

Ердің туы – намыс.

**Сен жаудан қашсаң, өмір
сенен қашады.**

**Ердің Еділ тобығынан
келмейді.**

**Ерлік – елдің қасиеті, жүректілік
– жігіттің қасиеті.**

**Жауды өлтірсең – өлімнен
құтылдың, өлтірмесең – өлімге
тұтылдың.**

**Атаң – ерге сауға, олжа – елге
сауға, олжа – елдікі, оған тимегін.**

**Ерді ел үшін, жігітті жұрт
үшін мақта.**

Ежелден ел тілегі – ер тілегі.

Адал ұл ер боп туса – ел тірегі.

**Екі сырттан қанға батып
таласса, қаракұсқа жем болады.**

**Қой бастаған арыстан тобынан
арыстан бастаған қой тобы
артық.**

Командир – аға, солдат – іні.

**Айқаймен ала алмайсың,
ақылмен, айламен алғын.**

**Жан аямай тиіскеннен жау жалт
бере жөнеледі.**

**Айбындана шапқаннан
ажал да сескенеді.**

**Екі сөзді – ер емес, серт – ер
серігі.**

«Топтастыру» стратегиясы

Даңқты

Майдангер
жазушы

қолбасшы

Ұлт

мақтанышы

Бауыржан

Ақын

Момышұлы

Кеңес Одағының
батыры

Айбынды
әке

Халық

қаһарманы

Сахналастыру.
Тізбектеп оқыту.
V. Бағалау.

VI. Үйге тапсырма.

«Ұшқан ұя» оқу, түсінікті айту.
Жеті атаң туралы жазып келу.